

8D10110 – «МЕДИЦИНА» БІЛІМ БЕРУ БАҒДАРЛАМАСЫ БОЙЫНША ФИЛОСОФИЯ ДОКТОРЫ (PHD) ДӘРЕЖЕСІНЕ ІЗДЕНУ
 ҮШІН ҰСЫНЫЛҒАН ТРУШЕВА ҚЫМБАТ САМАТҚЫЗЫНЫҢ «МИОКАРД ИНФАРКТЫНАН КЕЙІНГІ СТЕНТТЕЛПЕН ЖӘНЕ
 СТЕНТТЕЛМЕГЕН НАУҚАСТАРДА ЖҮРЕК ОҢАЛТУЫНЫҢ МОДУЛЬДІК БАҒДАРЛАМАСЫН ДАЙЫНДАУ ЖӘНЕ КЛИНИКАЛЫҚ
 ТҮРҒЫДАН ТИІМДІЛІГІН БАҒАЛАУ» ТАҚЫРЫБЫНДАҒЫ ДИССЕРТАЦИЯЛЫҚ ЖҰМЫСЫНА
РЕЦЕНЗЕНТТІҢ ЖАЗБАША ШКІРІ

р/н №	Өлшемшарттар	Өлшемшарттарға сәйкестігі (жауап нұсқаларының бірін сызу)	Ресми рецензенттің ұстанымына негіздеме (ескертуді курсивпен көрсету)
1.	Диссертация тақырыбының (бекіту күніне) ғылымның даму бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкес болуы	<p>1.1 Ғылымды дамытудың басым бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкестігі:</p> <p>1) диссертация мемлекет бюджетінен қаржыландырылатын жобаның немесе нысаналы бағдарламаның аясында орындалған (жобаның немесе бағдарламаның атауы мен нөмірін көрсету);</p> <p>2) диссертация басқа мемлекеттік бағдарлама аясында орындалған (бағдарламаның атауын көрсету);</p> <p>3) диссертация Қазақстан Республикасының Үкіметі жанындағы Жоғары ғылыми-техникалық комиссия бекіткен ғылым дамуының басым бағытына сәйкес (бағытын көрсету) келеді.</p>	<p>Зерттеу тақырыбы Қазақстан Республикасының денсаулық сақтау саласындағы стратегиялық бағыт-бағдарларымен толық үйлеседі. Қазіргі кезеңде жүрек-қан тамыр аурулары халық денсаулығына елеулі қауіп төндіретін жетекші патологиялардың бірі болып табылады және олардың жоғары таралуы мен өлім-жітім құрылымындағы басым үлесі айқын әлеуметтік-экономикалық салдарларға әкелуде. Осы жағдайды ескере отырып, миокард инфарктынан кейінгі кезеңде науқастарға арналған тиімді кардиореабилитация бағдарламаларын әзірлеу және олардың клиникалық тиімділігін ғылыми тұрғыдан бағалау ерекше өзектілікке ие. Мұндай бағдарламаларды денсаулық сақтау тәжірибесіне енгізу пациенттердің өмір сүру сапасын арттыруға, еңбекке қабілеттілігін қалпына келтіруге, асқынулардың даму қауіпін төмендетуге және жүрек-қан тамыр ауруларынан болатын жалпы өлім-жітім деңгейін азайтуға мүмкіндік береді. Осылайша, ұсынылып отырған зерттеу тек ғылыми маңыздылығымен ғана емес, сонымен қатар ұлттық денсаулық сақтау</p>

			жүйесінің тиімділігін арттыруға бағытталған жоғары әлеуметтік мәнімен де ерекшеленеді.
2.	Ғылым үшін маңыздылығы	Жұмыс ғылымға елеулі үлесін қосады/қоспайды, ал оның маңыздылығы ашылған/ашылмаған.	Диссертациялық зерттеу нәтижелері миокард инфарктынан кейінгі кардиореабилитация саласындағы ғылыми білім қорын толықтырып, оңалтудың модульдік тәсілін ғылыми тұрғыдан негіздеу арқылы теориялық және әдіснамалық маңызы бар жаңа ғылыми тұжырымдар ұсынады. Алынған нәтижелер жүрек оңалту үдерісін ұйымдастырудың ғылыми негіздерін жетілдіруге мүмкіндік беріп, аталған мәселе бойынша болашақ ғылыми зерттеулерге әдіснамалық база қалыптастырады. Бағдарлама құрамына физикалық қалпына келтіру жағғынулары, психоэмоционалдық қолдау, дұрыс тамақтануды ұйымдастыру, науқас пен оның отбасына білім беру, қауіп факторларын бақылау және дәрілік терапия енді. Сонымен қатар, бағдарлама кешенді түрде пациенттердің функционалдық жағдайын жақсартуға, асқынулардың алдын алуға және қайта госпитализация қауіпін төмендетуге бағытталған. Мұндай тәсіл ғылыми деректер қорын толықтырып қана қоймай, сонымен бірге практикалық денсаулық сақтау жүйесіне тиімді модель ұсынады. Бағдарламаны енгізу жүрек-қан тамыр ауруларынан кейінгі өмір сапасын арттыруға, еңбекке қабілеттілікті қалпына

			<p>келтіруге және халықтың жалпы денсаулық деңгейін жақсартуға ықпал етеді.</p>
3.	Өзі жазу принципі	<p>Өзі жазу деңгейі:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1) жоғары; 2) орташа; 3) төмен; 4) өзі жазбаған. 	<p>Диссертациялық жұмыс жоғары академиялық жазу мәдениетімен, ғылыми стиль талаптарын сақтай отырып орындалған. Мәтіннің мазмұны жүйелі, тұжырымдары нақты және ғылыми ойдың дербестігімен ерекшеленеді, бұл автордың ғылыми материалды өз бетінше меңгеріп, сауағты түрде баяндағанын айқын көрсетеді.</p>
4.	Ішкі бірлік принципі	<p>4.1 Диссертация өзектілігінің негіздемесі:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1) негізделген; 2) ішінара негізделген; 3) негізделмеген. 	<p>Жүрек-қан тамыр аурулары қазіргі уақытта әлемдік деңгейде өлім-жітімнің жетекші себептерінің бірі болып табылады, ал олардың құрылымында миокард инфаркты жоғары әлеуметтік-экономикалық маңызға ие патология ретінде айқындалады. Инфаркттан кейінгі кезеңде науқастарды тиімді оңалту жүрек-қан тамыр асқынуларының алдын алуда, еңбекке қабілеттілікті қалпына келтіруге және өмір сүру сапасын арттыруда шешуші рөл атқарады. Дәстүрлі кардиореабилитация бағдарламалары кешенді ықпал ету мүмкіндігіне ие болғанымен, олардың құрылымы әрдайым бірізді әрі стандартталған сипатта болып, науқастардың жеке клиникалық, функционалдық және психолеуметтік ерекшеліктерін ескеруге жеткілікті деңгейде икемді бола бермейді. Осыған байланысты модульдік кардиореабилитация тәсілі әрбір пациенттің клиникалық жағдайына, қауіп факторларының сипатына және</p>

		<p>психоәлеуметтік ерекшеліктеріне бейімделуге мүмкіндік беретін жүйелі әрі икемді модель ретінде қарастырылады. Модульдік кардиореабилитация бағдарламасының құрылымында біріншілік клиникалық бағалау, физикалық оңалту жаттығулары, психоэмоционалдық қолдау, тамақтануды түзету, дәрі-дәрмектік терапия, қауіп факторларын басқару, сондай-ақ наукас пен оның отбасы мүшелерін оқыту компоненттері жеке функционалдық модульдер ретінде қамтылады. Мұндай құрылым әрбір модульді науқастың жеке қажеттіліктеріне сәйкес кезең-кезеңімен енгізуге немесе толықтыруға мүмкіндік береді.</p> <p>Диссертациялық жұмыстың мазмұны зерттеу тақырыбына толық сәйкес келеді, қойылған мақсат пен міндеттерді жүйелі түрде ашып көрсетеді және зерттеу нәтижелерінің тақырыптық бағытпен өзара тығыз байланысын қамтамасыз етеді.</p> <p>Диссертациялық жұмыстың мақсатына сәйкес төрт негізгі міндет айқындалған. Әрбір міндет зерттеу мақсатын жүзеге асыруға бағытталып, дәйектілікпен және логикалық тұрғыда құрылымданған. Бұл міндеттердің мазмұны зерттеу нысаны мен пәнінің ерекшеліктерін толық қамтып, теориялық негіздемеден бастап практикалық ұсыныстарға дейінгі ғылыми ізденістің барлық кезеңдерін қамтиды. Осылайша, қойылған міндеттердің орындалуы диссертациялық жұмыстың ғылыми</p>
	<p>4.2 Диссертация мазмұны диссертация тақырыбын айқындайды:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1) айқындайды; 2) ішінара айқындайды; 3) айқындамайды. <p>4.3. Мақсаты мен міндеттері диссертация тақырыбына сәйкес келеді:</p> <ol style="list-style-type: none"> 1) сәйкес келеді; 2) ішінара сәйкес келеді; 3) сәйкес келмейді. 	

	<p>жаңалығын, тәжірибелік маңыздылығын және зерттеу мақсатына қол жеткізуді қамтамасыз етеді.</p> <p>Диссертациялық жұмыстың барлық құрылымдық бөлімдері мен негізгі ғылыми ережелері өзара тығыз логикалық байланыста құрылған. Жұмыстың мазмұны зерттеу мақсаты мен міндеттеріне сәйкес жүйелі түрде дамып, әрбір тарауда алынған нәтижелер келесі бөлімдерде дәйекті түрде жалғасын табады. Мұндай құрылым зерттеу материалдарының тұтастығын қамтамасыз етіп, диссертацияның ғылыми тұжырымдарының бірізді әрі негізді түрде қалыптасуына мүмкіндік береді.</p> <p>Диссертациялық жұмыста автор ұсынған жаңа қағидағтар мен әдістер ғылыми деректерге сүйене отырып жан-жақты негізделген. Олардың тиімділігі мен қолдану мүмкіндіктері отандық және шетелдік ғылыми әдебиеттерде сипатталған бұрыннан белгілі шешімдермен салыстырмалы түрде бағаланып, сыни талдау жүргізілген. Зерттеу нәтижелері ұсынылған әдістердің артықшылықтары мен шектеулерін айқындап, олардың ғылыми және практикалық маңыздылығын дәлелді медицина талаптарына сәйкес негіздеуге мүмкіндік берген.</p>	<p>4.4. Диссертацияның барлық бөлімдері мен ережелері логикалық байланысқан:</p> <p>1) толық байланысқан;</p> <p>2) ішінара байланысқан;</p> <p>3) байланыс жоқ.</p> <p>4.5 Автор ұсынған жаңа шешімдер (қағидағтар, әдістер) дәлелденіп, бұрыннан белгілі шешімдермен салыстырылып бағаланған:</p> <p>1) сыни талдау бар;</p> <p>2) талдау ішінара жүргізілген;</p> <p>3) талдау өз пікіріне емес, басқа авторлардың сілтемелеріне негізделген;</p> <p>4) талдау жоқ.</p>
<p>5. Ғылыми жаңашылдық принципі</p>	<p>5.1 Ғылыми нәтижелер мен ережелер жаңа ма?</p> <p>1) толығымен жаңа;</p> <p>2) ішінара жаңа (25-75% жаңа);</p> <p>3) жаңа емес (жаңасы 25%-дан кем).</p>	<p>Зерттеу нәтижелерінің сенімділігі жиналған деректерді заманауи статистикалық әдістермен өңдеу арқылы дәлелденді. Осыған байланысты алынған ғылыми нәтижелер жан-жақты негізделген, олардың</p>

	<p>жаңалығы айқын әрі ғылыми қауым тарашынан күмән тудырмайды.</p> <p>Диссертациялық жұмыс мазмұны жағынан нақты әрі жүйелі түрде тұжырымдалған, ал ұсынылған әрбір қорытындының ғылыми жаңалығы айқын әрі дәйекті түрде негізделген. Зерттеу аясында алғаш рет миокард инфарктынан кейінгі науқастарға арналған модульдік кардиореабилитация бағдарламасы әзірленіп, оның клиникалық тиімділігі апробациядан өткізу арқылы дәлелденген. Ұсынылған бағдарламаның құрылымдық ерекшелігі біріншілік клиникалық бағалау, физикалық оңалту, психоэмоционалдық қолдау, тамақтануды түзету, науқас пен оның отбасы мүшелерін оқыту, қауіп факторларын бақылау және дәрі-дәрмектік терапия секілді дербес модульдердің біртұтас жүйеге біріктірілуімен сипатталады. Мұндай модульдік тәсіл дәстүрлі кардиореабилитация үлгілерімен салыстырғанда жоғары икемділігімен және әрбір пациенттің жеке клиникалық және функционалдық ерекшеліктеріне бейімделу мүмкіндігімен ерекшеленеді. Осыған байланысты диссертациялық жұмыста ұсынылған ғылыми нәтижелер теориялық маңыздылығымен қатар, клиникалық тәжірибеде қолдануға болатын жаңашыл әрі практикалық құндылығымен сипатталады.</p>	<p>Диссертациялық жұмыста ұсынылған басқару шешімдерінің қолданылуы</p>
	<p>5.2 Диссертацияның қорытындылары жаңа ма?</p> <p>1) толығымен жаңа;</p> <p>2) ішінара жаңа (25-75% жаңа);</p> <p>3) жаңа емес (жаңасы 25%-дан кем).</p>	
	<p>5.3 Техникалық, технологиялық, экономикалық немесе басқару шешімдері жаңа және негізделген бе?</p>	

		жаңашылдығымен және негізділігімен ерекшеленеді. ғылыми
6.	Негізгі қорытындылардың негізділігі	Автор зерттеу барысында алынған деректерді статистикалық өңдеудің кең ауқымды әрі жаңашыл әдістерін қолдану арқылы кешенді түрде талдап, нәтижелердің ғылыми негізділігі мен сенімділігін қамтамасыз етті.
7.	<p>Қорғауға шығарылған негізгі ережелер</p> <p>Әрбір ереже бойынша келесі сұрақтарға жеке жауап беру қажет:</p> <p>7.1 Ереже дәлелденді ме?</p> <p>1) дәлелденді;</p> <p>2) шамамен дәлелденді;</p> <p>3) шамамен дәлелденбеді;</p> <p>4) дәлелденбеді;</p> <p>5) бұл тұжырымда ереженің дәлелденгенін тексеру мүмкін емес.</p> <p>7.2 Тривиалды ма?</p> <p>1) ия;</p> <p>2) жоқ;</p> <p>3) бұл тұжырымда ереженің тривиалды екенін тексеру мүмкін емес.</p> <p>7.3 Жаңа ма?</p> <p>1) ия;</p> <p>2) жоқ;</p> <p>3) бұл тұжырымда ереженің жаңашылдығын тексеру мүмкін емес.</p> <p>7.4 Қолдану деңгейі:</p> <p>1) тар;</p> <p>2) орташа;</p> <p>3) кең</p>	<p>Докторант диссертациялық жұмысында мынадай негізгі қағидағтарды айқындады: құрылған модульдік бағдарлама миокард инфарктынан кейінгі стенттелген және стенттелмеген науқастар үшін тиімді, ғылыми негізделген және науқастардың жеке ерекшеліктерін ескеретін жүрек оңалту бағдарламасы болып табылады. Сондай-ақ, жүрек оңалтуының модульдік бағдарламасы миокард инфарктынан кейінгі науқастарда физикалық жүктемеге төзімділік көрсеткіштерін - метаболикалық эквивалент, оттегін максималды тұтыну, жаттығуды орындау ұзақтығы және психоэмоционалдық жағдайды, дәрілік комплаенттілікті жақсартады.</p> <p>Сонымен қатар, жүрек оңалтуының модульдік бағдарламасы миокард инфарктынан кейінгі науқастарда Сиятлдік сауалнама нәтижелері бойынша өмір сүру сапасына жүрек оңалтуынан кейін, 3 айдан соң және 6 айдан соң әсерін тигізеді. Қорғауға шығарылатын үш ереже де импакт-факторы жоғары, рецензияланатын</p>

	<p>4) бұл тұжырымда ереженің қолдану деңгейін тексеру мүмкін емес.</p> <p>7.5 Мақалада дәлелденген бе?</p> <p>1) ия;</p> <p>2) жоқ</p> <p>3) бұл тұжырымда мақаладағы ереженің дәлелденгенін тексеру мүмкін емес.</p>	<p>халықаралық журналдарда, сондай-ақ ҚР БжҒСБК ұсынған ғылыми басылымдарда жарық көрген, сенімділігі дәлелденген жарияланымдарға негізделген.</p>
<p>8. Дәйектілік қағидағы.</p> <p>Дереккөздер мен ұсынылған ақпараттың дәйектілігі</p>	<p>8.1 Әдіснаманы таңдау – негізделген немесе әдіснама нақты жазылған:</p> <p>1) ия;</p> <p>2) жоқ.</p>	<p>Диссертациялық жұмыстың негізгі ережелері мен нәтижелері 11 ғылыми жарияланымда көрініс тапқан. Олардың ішінде: Scopus базасында индекстелген журналда жарияланған 1 мақала;</p> <p>Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің Ғылым және жоғары білім саласындағы сапаны қамтамасыз ету комитеті ұсынған басылымдарда жарық көрген 4 мақала; халықаралық ғылыми конференциялар материалдарында жарияланған 4 тезис (оның ішінде 2 шетелдік); сондай-ақ 2 авторлық құқық алынған.</p>
	<p>8.2 Диссертация жұмысының нәтижелері компьютерлік технологияларды қолдану арқылы ғылыми зерттеулердің қазіргі заманғы әдістері мен деректерді өңдеу және интерпретациялау әдістемелерін пайдалана отырып алынған:</p> <p>1) ия;</p> <p>2) жоқ.</p>	<p>Зерттеу барысында алынған деректердің статистикалық өңдеуі Statistica 10 (StatSoft Inc., АҚШ) және R бағдарламалық қамтамасыз етудің лицензиялық нұсқаларын пайдалану арқылы жүзеге асырылды.</p>

	<p>8.3 Теориялық қорытындылар, модельдер, анықталған өзара байланыстар және заңдылықтар эксперименттік зерттеулермен дәлелденген және расталған (педагогикалық ғылымдар бойынша даярлау бағыттары үшін нәтижелер педагогикалық эксперимент негізінде дәлелденеді):</p> <p>1) ия;</p> <p>2) жоқ.</p>	<p>Диссертацияда ұсынылған тұжырымдар проспективті аралас бойлық зерттеу дизайнына сәйкес ғылыми негізделген. Зерттеу нәтижелерімен толық дәлелденіп, статистикалық өңдеу арқылы расталған. Алынған деректердің сенімділігі қолданылған зерттеу әдістері мен талдау тәсілдерінің ғылыми негізділігімен қамтамасыз етілген, бұл ұсынылған тұжырымдардың дұрыстығын және олардың ғылыми мәнін айқын көрсетеді.</p>
	<p>8.4 Маңызды мәлімдемелер нақты және сенімді ғылыми әдебиеттерге сілтемелермен расталған / ішінара расталған / расталмаған.</p>	<p>Диссертациялық жұмыста тұжырымдалған әрбір ғылыми қағида мен негізгі ғылыми тұжырымдар отандық және шетелдік беделді ғылыми баспа дереккөздеріне жасалған тиісті сілтемелермен жүйелі түрде дәйектелген. Пайдаланылған әдебиеттер рецензияланатын халықаралық журналдарда жарияланған зерттеулерді, жетекші ғылыми еңбектерді және халықаралық кәсіби ұйымдардың ұсынымдарын қамтып, ұсынылған тұжырымдардың ғылыми негізділігін, дәлдігін және сенімділігін толық қамтамасыз етеді. Сонымен қатар, дереккөздерді іріктеу мен пайдалану барысында академиялық адалдық қағидағтары қатаң сақталған, бұл диссертациялық жұмыстың ғылыми деңгейі мен сапасын айқын көрсетеді.</p>
	<p>8.5 Пайдаланылған әдебиеттер тізімі әдеби шолуға жеткілікті/жеткіліксіз.</p>	<p>Диссертациялық жұмыстың нәтижелері отандық және шетелдік ғылыми әдебиеттерде келтірілген деректермен салыстырылып, олардың сенімділігі жан-жақты дәлелденген. Зерттеу барысында</p>

		<p>пайдаланылған ғылыми еңбектер мен әдебиет көздерінің басым бөлігі соңғы 5 жылда жарияланған жұмыстарды қамтиды және қойылған ғылыми мақсағтар мен міндеттерді орындау үшін жеткілікті деңгейде болып табылады. Бұл деректер базасы диссертациялық жұмыстың теориялық негізділігін арттырып, алынған нәтижелердің ғылыми құндылығы мен өзектілігін айқындайды.</p>
<p>9</p> <p>Практикалық құндылық қағидағы</p>	<p>9.1 Диссертацияның теориялық маңызы:</p> <p>1) бар;</p> <p>2) жоқ.</p>	<p>Теориялық талдау аясында заманауи ғылыми зерттеулердің нәтижелері жүйелі түрде қарастырылып, зерттеліп отырған мәселенің негізгі патофизиологиялық, клиникалық және психолеуметтік механизмдері жоғары теориялық деңгейде негізделіп түсіндірілді. Қолда бар ғылыми деректерді кешенді талдау зерттеу тақырыбының теориялық негізділігін күшейтіп, алынған қорытындылардың ғылыми дұрыстығын қамтамасыз етумен қатар, оларды клиникалық тәжірибеде қолданудың мүмкіндіктерін айқындауға мүмкіндік берді.</p> <p>Диссертациялық жұмыста алынған ғылыми нәтижелер клиникалық тәжірибеде қолдануға бағытталған және кардиологиялық стационарлар мен оңалту орталықтарының жұмысында тиімді пайдалануға мүмкіндік береді. Ұсынылған әдістер мен практикалық ұсынымдар олардың клиникалық іске асырылу мүмкіндігін, тиімділігін және денсаулық сақтау жүйесінде қолдануға бейімділігін дәлелдейді.</p>
	<p>9.2 Диссертацияның практикалық маңызы бар және алынған нәтижелерді практикада қолдану мүмкіндігі жоғары:</p> <p>1) ия;</p> <p>2) жоқ.</p>	

	<p>9.3 Практикалық ұсыныстар жаңа ма?</p> <p>1) толығымен жаңа;</p> <p>2) ішінара жаңа (25-75% жаңа);</p> <p>3) жаңа емес (жаңасы 25%-дан кем).</p>	<p>Диссертациялық зерттеу теориялық маңыздылығымен қатар, айқын практикалық құндылыққа да ие. Жұмыста ұсынылған ғылыми негізделген шешімдер кардиологиялық стационарлар мен оңалту орталықтарының клиникалық тәжірибесінде қолдануға бейімделген және оларды денсаулық сақтау жүйесіне енгізу мүмкіндігін қамтамасыз етеді. Сонымен қатар, ұсыныстардың жаңашыл сипаты қолданыстағы клиникалық хаттамаларды жетілдіруге, сондай-ақ жүрек-қан тамыр ауруларынан кейінгі науқастарды оңалтуға арналған жаңа әдістемелік нұсқаулықтарды әзірлеуге негіз бола алады.</p>
<p>10. Жазу және ресімдеу сапасы</p>	<p>Академиялық жазу сапасы:</p> <p>1) жоғары;</p> <p>2) орташа;</p> <p>3) орташадан төмен;</p> <p>4) төмен.</p>	<p>Қ.С. Трушваньң «Миокард инфарктынан кейінгі стенттелген және стенттелмеген науқастарда жүрек оңалтуының модульдік бағдарламасын дайындау және оның клиникалық тұрғыдан тиімділігін бағалау» тақырыбындағы докторлық диссертациясы өзектілігі жоғары, нақты ғылыми нәтижелерге қол жеткізілген, толық аяқталған дербес ғылыми-зерттеу жұмысы болып табылады. Зерттеу барысында автор клиникалық практика үшін аса маңызды және қоғам үшін жоғары әлеуметтік мәнге ие мәселені қарастырып, оны шешудің жаңа ғылыми көзқарасын ұсынған. Диссертациялық жұмыс мемлекеттік тілде жоғары академиялық сауаттылықпен жазылған, ғылыми стиль талаптарына толық сәйкес келеді және ғылыми этика қағидағтары қатаң сақталған. Жұмыстың</p>

			<p>құрылымы мен мазмұны қолданыстағы ғылыми-техникалық талаптарға толық сай келіп, зерттеу нәтижелерінің жүйелілігі мен ғылыми негізділігін айқын көрсетеді.</p>
11.	<p>Диссертацияға ескертулер</p>		<p>Диссертациялық жұмыс толық аяқталған ғылыми еңбек болып табылады. Қарау барысында түзетілген кейбір стилистикалық және терминологиялық дәлсіздіктер болды.</p>
12.	<p>Докторант мақалаларының зерттеу тақырыбы бойынша ғылыми деңгейі (диссертация мақалалар сериясы нысанында қорғалған жағдайда ресми рецензенттер докторанттың зерттеу тақырыбы бойынша әр мақаласының ғылыми деңгейін зерделейді)</p>		<p>Жарияланған ғылыми мақалалардың сапасы мен ғылыми құндылығы олардың халықаралық рецензияланатын ғылыми журналдарда, сондай-ақ Қазақстан Республикасының ғылым және жоғары білім министрлігі ұсынған басылымдарда жариялануы арқылы расталған.</p>
13.	<p>Ресми рецензенттің шешімі (осы Үлгі ереженің 28-тармағына сәйкес)</p>		<p>Қорытындылай келе, зерттеудің өзектілігі, ғылыми жаңалығы және алынған нәтижелердің тәжірибелік маңызы негізінде Трушева Қымбат Саматқызының «Миокард инфарктынан кейінгі стенттелген және стенттелмеген науқастарда жүрек оналтуының модульдік бағдарламасын дайындау және клиникалық тұрғыдан тиімділігін бағалау» тақырыбындағы диссертациялық еңбегі толық аяқталған ғылыми зерттеу болып табылады. 8D10110-«Медицина» білім беру бағдарламасы бойынша философия докторы (PhD) ғылыми дәрежесін алу үшін диссертацияларға қойылатын талаптарға сәйкес келеді. Сондықтан Трушева Қымбат Саматқызы 8D10110 – «Медицина» білім беру</p>

		бағдарламасы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесін алуға лайық деп санаймын.
--	--	--

Ресми рецензент:

«Қарағанды медицина университеті» КеАК,

Отбасылық медицина кафедрасы,

медицина ғылымдарының кандидаты, профессор

Б.К. Омаркулов

